

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫң САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТЬ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

27.03.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№12

город Алматы

«2021 жылдың 21 - 28 наурызы аралығында  
Алматы қаласында коронавирустық  
инфекция ауруының алдын алу жөніндегі  
іс-шараларды күшету туралы» Алматы  
қаласының Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 20.03.2021 ж. № 11 қаулысына  
толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып  
қолданылуын ұзарту туралы

Алматы қаласының эпидемиологиялық жағдайының одан әрі  
нашарлауын, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын  
оқшаулау мақсатында, мектеп жасындағы балалар ауруының  
жоғарылауына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «2021 жылдың 21 - 28 наурызы аралығында Алматы қаласында  
коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі іс-шараларды  
күшету туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 20.03.2021 ж. № 11 қаулысына келесі толықтырулар мен

өзгерістер енгізе отырып, эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін қолданылуы ағымдағы жылдың 12 сөүірін қоса алғанға дейін ұзартылсын:

1) Жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен ЖОО және техникалық және кәсіптік білім беретін ұйым студенттері үшін қашықтықтан оқыту форматына көшірілсін;

2) ата - аналарының өтініші бойынша жалпы білім беретін мектептердің 1-5, 9 және 11-сыныптарындағы 15 адамға дейінгі балалары бар кезекші топтардың жұмысына рұқсат етілсін;

3) Алматы қаласының Дін істері жөніндегі басқармасы мешіттердің, шіркеулердің және басқа да діни орындардың жұмысындағы шектеулердің сақталуына күнделікті мониторинг жүргізуі қамтамасыз етсін;

4) жеке құдайға құлшылық етуге және дұға етуге рұқсат ету (намаз оқитын бөлмелерде және рәсімдер жасауға арналған бөлмелерде (неке, шомылдыру рәсімі) және т. б. келушілер арасында кемінде 1,5 метр және дін өкілдері мен келушілер арасында кемінде 2,5 метр әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін белгілері орналастырылады);

5) ұжымдық құдайға құлшылық етуге тыйым салу (жұма және бес уақыт намаздары, жиналыстар, жексенбі күндері және басқа да ұжымдық сипаттағы рәсімдерге);

6) қасиетті «Рамазан» айы кезінде бір отбасы мүшелерінің арасында ауызашарды қоспағанда, ұжымдық ауызашар өткізуге тыйым салу;

7) жерлеу рәсімдерін 10 адамнан аспайтын жақын туыстарының қатысуымен өткізу (қайтыс болған адамның туыстарына және ресми дін қызметкерлерінің өкілдеріне мүмкіндігінше ауруханалар (басқа медициналық ұйымдар) жағдайында «мәйітті жууды» және қайтыс болған адамды «сырттай жерлеуді» жүргізу, сондай-ақ егде адамдардың жерлеу процесіне қатысуын шектеу ұсынылады);

8) Діни обьектілердің басшы рухани саналары діни қызмет етушілерді маскамен және қолғап қорымен қамтамасыз етсін, жамағатпен жеке қауіпсіздік қағидаларын сақтау жонінде түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

9) Тұрғын үй саясаты басқармасы жүргізлетін профилактикалық дезинфекцияға қосымша қала саябақтары мен көшелерінде (орындықтар, банкоматтар, паркоматтар, төлем терминалдары) шағын сәулет нысандарын дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

10) 20.03.2021 жылғы №11 қаулыдағы №1 қосымша осы қаулыдағы №1 қосымшадағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылсын .

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы 2021 жылдың 29 наурызынан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**

**Ж. Бекшин**



Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 2021 жылғы  
27 наурыздағы № 12 қаулысына  
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің  
жұмысын шектеу өлшемшарттары**

<b>№</b>	<b>Объектілер / салалар</b>	<b>Қызыл аймак</b>
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылым объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру үсініллады)	тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен рұқсат етілдеі
2.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобилдерді, тұрмыстық техниканы, сафаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательєсі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызметтер және т. б.)	шектеусіз
3.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	шектеусіз
4.	Гүл дүкендері, фотосалондар	шектеусіз
5.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар (соның ішінде базарлардың, СОСО және СҮ аумағында орналасқандар)	шектеусіз
6.	Мұражайлар, зоологиялық саябақ	тыйым салу
7.	Кітапханалар	тыйым салу
8.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер, зоодүкендер	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 24.00-ге дейін
9.	Азық-түлік емес дүкендер, оның ішінде құрылым дүкендері	жұмыс уақытын шектеу сағ. 10.00 ден 20.00-ге дейін
10.	Балалар түзету кабинеттері, оның ішінде жекеше жаттыгуға арналған балалар бассейндері	жазба бойынша, әлеуметтік арақашықтық пен маскалық режимді сақтай отырып
11.	Балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары	тыйым салу
12.	Шаштараздар және сұлулық салондар (шаш қысқарту)	жазылу бойынша
13.	Супермаркеттер, гипермаркеттер, тамақ өнімдерін өткізу жөніндегі сауда желілері	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 02.00-ге дейін

14.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы үйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық үйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	толтырылуы 50%-дан артық емес
15.	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес)	сенбі, жексенбі күндері жұмысқа тыйым салынады; жұмыс күндері жұмыс уақытын шектеу 06.00 ден 17.00 ге дейін
16.	Көтерме-бөлшек базарлары және азық-тұлік емес жабық базарлар	тыйым салу
17.	СОСО және сауда орталықтары (үйлері)	тыйым салу
18.	Сауда объектілерінің барлық түрлерінен онлайн – сауда	тек қана жеткізу, уақытын шектеусіз
19.	Қоғамдық тамақтану объектілері (жазғы алаңдарды қоса алғанда), оның ішінде СОСО және СҮ-де орналасқан бөлек кіретін есігі бар	тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
20.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы үйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық үйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
21.	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар	СОСО және СҮ тыс жерлерге тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
22.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану объектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
23.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазба бойынша)	жазба бойынша
24.	Қоғамдық көлік (қалалық және қала мұндағы маршруттар)	жұмыс күндері штаттық кестеге сәйкес сенбі және жексенбі күндері жұмыс уақытын шектеу таңертең 06.00 ден 10.00 ге дейін; кешкісін 17.00 ден 22.00 ге дейін
25.	Банктер және де қаржы нарығының өзге нысандары, 20 және одан көп қызметкерлері болған жағдайда	күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шаралары қатаң сақталған жағдайда өндірістік кажеттілік болған кезде қызметкерлердің кемінде 40% - ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыса

		алатын филиалдарды (бөлімшелерді, пункттерді) қоспағанда, қызметкерлердің жалпы штат санының кемінде 60% - ын қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру қамтамасыз етілсін
26.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде
27.	технологиялық процесс қызметкерлердің жұмыс орнында болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылымың және өзге де ұйымдарды және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен объектілер	80% - қашықтағы режим; 20% - күндізгі режим;
28.	Діни объектілер	ұжымдық құдайға құлышылық етуді қоспағанда
29.	Қоғамдық моншалар	тыйым салу
30.	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	тыйым салу
31.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы (электричкалар)	жалпы вагондарсыз
32.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
33.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шагын автобустардың) қозғалысы	тыйым салу
34.	Спорт объектілері	тыйым салу, аккредиттелген КР ҮОК құрама командалары мүшелерін даярлау үшін қоспағанда
35.	спортық-сауықтыру орталықтары және фитнес- орталықтар	тыйым салу
36.	«Медеу» ЖТК	жаппай сырғанауга тыйым салу
37.	«Шымбұлақ» ТК	тыйым салу
38.	Мәдениет объектілері (дайындық)	тыйым салу
39.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	тыйым салу
40.	ХҚКО	сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмысына тыйым салу, жұмыс күндері 9.00 ден 18.00 ге дейін уақытын шектеу, жазба бойынша
41.	«Қазпошта» АҚ бөлімшелері	9.00 ден 18.00 ге дейін уақытын шектеу, жазба бойынша

42.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
43.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
44.	Бильярд клубтары	тыйым салу
45.	Компьютерлік клубтар, боулинг	тыйым салу
46.	Цирктер	тыйым салу
47.	Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОСО, СҮ орналасқан	тыйым салу
48.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	тыйым салу
49.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар өткізу	ақпараттық қамтамасыз етусіз, қатысушыларды COVID-19 ға міндетті ПТР зерттеу
50.	Еске алуды өткізу	бір отбасының мүшелерін қоспағанда, тыйым салу
51.	Банкет залдары, тұнгі, ойын және лото клубтары, караоке	тыйым салу